

Мақат поселкесінің көшесіне "Бекжанов Сәткұлдың" есімін беру туралы

Күші жойғал

Атырау облысы Мақат аудандық поселке әкімінің 2008 жылғы 21 тамыздағы N 89 шешімі. Атырау облысының Мақат ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 26 тамызда N 4-7-88 тіркелді. Күші жойылды - Мақат ауданы Мақат поселке әкімінің 2010 жылғы 1 қарашадағы № 142 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Мақат ауданы Мақат поселке әкімінің 2010.11.01 № 142 шешімімен.

Мақат ауданының ономостикалық комиссиясының 2008 жылғы 16 сәуірдегі ұйғарымы негізінде Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 35 бабын, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік- аумақтық құрылысы" туралы Заңының 14 бабын басшылыққа алып, **ШЕШЕМІН:**

1. Аудан орталығы Мақат поселкесінің "Мұнайшы" газеті редакциясының ғимаратынан бастап, Мақат желілік өндірістік басқармасына дейінгі аралықтағы көшеге Ұлы Отан соғысының ардагері Бекжанов Сәткұлдың есімі берілсін.

2. Осы шешімнен туындайтын мәселелердің орындалуын қадағалауды поселке әкімінің орынбасары Н. Төлегеновке жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Поселке әкімі

Е. Қардаров